

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2017 жылдың «11» сәуірі

«БЖЗК» АҚ телеграм-арнасын іске қосты

Алматы, Қазақстан – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Telegram-да өзінің ресми ақпараттық арнасын іске қосты. Енді қазақстандықтарға зейнетақы жүйесі мен БЖЗК қызметі жайлы жаңалықтарды қарау оңай бола түседі.

«БЖЗК» АҚ өз қызметінің ашықтығын арттыруға, көрсететін қызметтерінің сапасын жақсартуға және азаматтар үшін ақпарат алудың қосымша ыңғайлы арнасын жасауға ұмтылуда. Азаматтарға ақпарат берудің қосымша арналарының бірі – Қордың Telegram-дағы ресми арнасы.

Енді арнаның әрбір оқырманы Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі, жақын болашақта енгізілетін жаңа енгізілімдер және БЖЗК қызметі туралы маңызды ақпараттарды шұғыл түрде ала алады.

Арнаға жазылу үшін ең алдымен компьютерге орнатылған «Telegram Desktop» бағдарламасында немесе Android, iOS, Windows Phone секілді танымал платформаларға бейімделілген смартфондағы Telegram мессенджерінің ұялы қосымшасына орнатылған web.telegram.org («Web Telegram» – сервистің атауы) сілтемесі бойынша тіркелу қажет.

Telegram тегін таратылады. Компьютерге бағдарлама немесе смартфонға ұялы қосымша орнатылған соң авторлануыңыз керек болады. Бұл барлық мессенджерлер үшін стандартты рәсім – аккаунт (есептік тіркелім) телефон нөміріне байланыстырылады, ал верификация (растау) өзіңіз көрсеткен нөмірге SMS-хабарлама арқылы келіп түсетін код бойынша жүзеге асырылады.

«БЖЗК» АҚ телеграм-арнасына жазылу үшін компьютер немесе ұялы телефондағы браузер арқылы <https://telegram.me/enpfkz> сілтемесіне басу керек. Сілтемені таңдаған әдісіңіз бойынша «Web Telegram» сілтемесі, «Telegram Desktop» бағдарламасы немесе ұялы қосымша арқылы ашуға болады. Бұдан кейін «Join» («Қосылу») түймешігін бассаңыз жеткілікті. Бірақ екінші жолы да бар: Telegram-да іздеу белгішесін басып, арнайы жолға «enpfkz» немесе «АО ЕНПФ» атауын енгізу керек. Бағдарлама қажетті арнаны өзі табады. Соған кіріп, «Join» түймешігін басу қажет.

Айта кетелік, қазақстандықтар зейнетақы жүйесі мен БЖЗК қызметі туралы маңызды ақпараттарды Қордың www.enpf.kz ресми сайты, одан басқа Қордың Facebook, ВКонтакте, Twitter, Одноклассники және Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшалары, сондай-ақ ENPF ұялы қосымшасы арқылы да ала алады.

Құпиялық мәртебесі жоқ барлық басқа сұрақтар бойынша салымшылардың (алушылардың) БЖЗК кеңсесіне өздері келіп өтініш жасағанда және 1418 тегін телефон нөмірі, әлеуметтік желілер, Қордың ресми сайтындағы «кері байланыс» және онлайн-чат нысандары арқылы кеңес алуларына болады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz